

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
2007 жылғы 12 ақпандағы
№ 15 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН**

**«МЕМЛЕКЕТТІК АННУИТЕТТІК КОМПАНИЯ» ӨМІРДІ
САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ-ДА ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫ
ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН МЕРЗІМДІ САҚТАНДЫРУ
ҚАҒИДАЛАРЫ**

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы»
АҚ-да қарыз алушыларды жазатайым оқиғалардан мерзімді
сақтандыру қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-да қарыз алушыларды жазатайым оқиғалардан мерзімді сақтандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар банктердің және өзге де кредиттік ұйымдардың қарыз алушыларының өмірін жазатайым оқиғалардан мерзімді сақтандыруды жүзеге асыру тәртібі мен талаптарын, қарыз алушы мен банк немесе өзге кредиттік ұйым арасындағы қарыз шартында көзделген, бірақ жиырма жылдан аспайтын мерзімге қарыз алушылармен сақтандыру шарттарын жасасу тәртібін айқындайды.

2-тарау. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **Сақтандырушы** – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырылушыға немесе пайдасына сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға. Сақтандырушы сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар заңды тұлға ғана бола алады.

Осы Қағидаларға қатысты сақтандырушы – «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы.

2) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан заңды немесе жеке тұлға.

3) **Сақтандырылушы** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын 16 жастан 60 жасқа дейінгі жеке тұлға. Бұл ретте Сақтандырылушының жасы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін 65 жылдан аспауға тиіс. Осы Қағидаларға сәйкес банктің не онымен қарыз шартын жасасқан кредиттік ұйымның қарыз алушы – клиенті Сақтандырылушы болып табылады. Сақтандырылушыны ауыстыруға жол берілмейді.

4) **Пайда алушы** – сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын заңды тұлға.

Осы Қағидаларға қатысты Пайда алушы кредиттік ұйым болып табылады.

5) **Қарыз шарты** – оған сәйкес бір тарап (қарыз беруші) екінші тарапқа (қарыз алушыға) ақша беретін немесе беруге міндеттенетін келісім, ал қарыз алушы қарыз берушіге қарыз шартында айқындалған мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сыйақы төлей отырып, осындай соманы уақтылы қайтаруға міндеттенеді.

6) **Қарыз алушыларды жазатайым оқиғалардан мерзімді сақтандыру шарты** (бұдан әрі – сақтандыру шарты) - екі жақты келісім, оған сәйкес бір тарап (Сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (Сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

7) **Сақтандыру полисі** – Сақтандырушы Сақтанушыға беретін және сақтандыру қағидаларымен бірге сақтандыру шарты болып табылатын құжат.

8) **Сақтандыру сомасы** – соған сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

9) **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.

10) **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.

11) **Сақтандыру жағдайы** – оның басталуымен сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.

12) **Жазатайым оқиға** – Сақтандырылушының денесіне сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсер ету нәтижесінде адамның еркіне қайшы келетін, денсаулығына зиян келтіруге, мертігуге не өлімге әкеп соққан кенеттен, қысқа мерзімді оқиға (оқиға).

13) **мүгедектік** – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін, дене функцияларының тұрақты бұзылуымен денсаулықтың бұзылуы салдарынан адамның тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесі. Осы Қағидаларда мүгедектік деп Сақтанушыға бірінші немесе екінші топтағы белгіленген мүгедектік түсініледі.

14) **Сақтандыру объектісі** – қарыз алушының алған қарыз сомасын және кредиттік ұйымда есептелген сыйақыны өтеу міндеттемелерін орындау бойынша, жазатайым оқиға нәтижесінде оның өміріне және/немесе денсаулығына зиян келтіруге байланысты мүдделері.

15) **Кредиттік ұйым** – банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым - Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ақшалай нысанда қарыз беруге лицензиясы бар ұйым, микрокредиттік ұйым.

3-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

4. Қарыз алушының сақтандыру шарты осы Қағидаларға қосылу және сақтандыру полисін беру арқылы жазбаша нысанда жасалады.

5. Сақтандырушының атынан сақтандыру полисіне Сақтандырушының Басқарма Төрағасы немесе Сақтандырушының атынан осындай құжаттарға Басқарма төрағасы қол қойған сенімхат негізінде қол қоюға уәкілетті Сақтандырушының қызметкері қол қоюға құқылы. Сақтандыру агенттері мен

сақтандыру брокерлерінің Сақтандырушының атынан полиске және оған қосымшаларға қол қоюға құқығы болмайды.

6. Сақтандыру шарты Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыруға берген өтініш негізінде жасалады.

Сақтанушыдан сақтандыруға өтініш алғаннан кейін Сақтандырушы сақтандырылатын адамды денсаулығының нақты жай-күйін бағалау үшін медициналық тексеруге жіберуге құқылы.

7. Сақтандыру шарты алдын ала медициналық куәландырусыз жасалады.

8. Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектермен, психикалық, онкологиялық, созылмалы жүрек-қан тамырлары ауруларымен, ЖИТС, АИТВ-инфекциясын тасымалдаушылармен сақтандыру шарты жасалмайды. Осы тармақта көрсетілген адам сақтандырылған болып табылатын сақтандыру шарты осындай шарт жасалған сәттен бастап жарамсыз болып табылады, ал төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтаруға жатады.

9. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын айқындау үшін өзіне белгілі, елеулі мәні бар мәліметтерді сақтандыру туралы өтініште хабарлауға міндетті. Сақтандыруға арналған өтініште немесе сақтандыру шартын жасасу кезеңінде Сақтанушыға жіберілген Сақтандырушының жазбаша сұрау салуында көрсетілген, осы сақтандыру қағидаларында нақты айтылған мәліметтер елеулі деп танылады.

10. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген салдарларды қолдануды талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы үнсіз қалдырған жағдайлар жоғалып кетсе, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

11. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыруға өтініш, Сақтанушының сақтандыру полисін алғаны туралы хабарлама және осы сақтандыру қағидаларында көрсетілген өзге де құжаттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

4-тарау. Сақтандыру жағдайы

12. Осы Қағидаларға сәйкес сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының жазатайым оқиға нәтижесінде қайтыс болуы, сондай-ақ осы Қағидалардың 45-тармағында көзделген жағдайлар сақтандыру жағдайы деп танылады.

13. Егер жазатайым оқиға сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде болған және сақтандырылушының қайтыс болуына тікелей әкеп соққан болса, жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушының қайтыс болуы сақтандыру жағдайы деп танылады.

5-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

14. Сақтандыру шарты тараптар қол қойғаннан және Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын төлегеннен кейін, ал бөліп төлеген жағдайда – бірінші жарнаны төлегеннен кейін күшіне енеді және сақтандыру жағдайының басталуымен және осыған байланысты тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауымен не оның қолданылу мерзімінің аяқталуымен тоқтатылады.

15. Сақтандыру шарты сақтандыру полисінде (сақтандыру мерзімінде) көрсетілген мерзім ішінде қолданылады.

16. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де қолданылады.

6-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы және оны төлеу тәртібі

17. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандырушының тарифтері негізінде есептеледі.

18. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы осы Қағидаларда және сақтандыру шартында көзделген шарттарда төлейді.

19. Сақтандыру сыйлықақысы бір рет және мерзімді сақтандыру сыйлықақылары түрінде бөліп төленуі мүмкін.

20. Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру полисінде көрсетілген орналасқан жері бойынша Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақшамен, Сақтандырушының банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен төленуі мүмкін.

21. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы бірнеше кейінгі кезең үшін сақтандыру жарналарын енгізуге құқылы. Сақтанушы Сақтандырушымен келісу бойынша оларды төлеу тәртібін өзгертуге құқылы, ол Сақтандырушыға сақтандыруға өтініш беру және жаңа сақтандыру полисін беру арқылы ресімделуге тиіс.

22. Сақтандыру сыйлықақысын ұлғайту немесе азайту жағына қарай қайта есептеу жаңа сақтандыру полисін беру жолымен ресімделеді.

23. Егер сақтандыру жағдайы енгізу мерзімі өткен белгілі бір сақтандыру жарнасы төленгенге дейін орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде Сақтанушының берешек сомасын ұстап қалуға құқылы.

24. Егер кезекті сақтандыру жарнасы белгіленген мерзімде енгізілмесе, онда Сақтандырушы Сақтанушыға жазбаша хабарлама жібереді, онда:

- сақтандыру сыйлықақыларын төлеу қажет кезең (сақтандыру сыйлықақысын кейінге қалдыру кезеңі);

- сақтандыру жарналарын мерзімін өткізіп төлегені үшін өсімпұл (өсімпұл төленген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін есептеледі);

- сақтандыру сыйлықақысын кейінге қалдыру кезеңі ішінде сақтандыру жарналары төленбеген жағдайда Сақтандырушының сақтандыру шартының қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтату құқығы қамтылуға тиіс.

25. Сақтандыру жарналарын төлеу қажеттілігі туралы хабарлама сақтанушыға хабарламаның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі.

26. Сақтанушыдан оның себептерін көрсете отырып, кезекті сақтандыру жарналарын төлеуді кейінге қалдыру туралы өтініш алған кезде Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуді кейінге қалдыруға құқылы. Бұл ретте кейінге қалдыру кезеңі күнтізбелік 30 күннен кем болмауға және Сақтандырушы белгілеген мерзімнен аспауға тиіс. Егер Сақтанушы Сақтандырушы белгілеген мерзімде мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысын төлемесе, сақтандыру шарты бұзылады, бұл туралы Пайда алушыға хабарланады, ал бұрын төленген сақтандыру жарналары қайтарылмайды.

27. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын кейінге қалдыру кезеңінде сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы берешек сомасын ұстап қалып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

7-тарау. Сақтандыру сомасы. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру көлемі, тәртібі және шарттары

28. Сақтандыру сомасының мөлшері Сақтанушы Сақтандырушыға берген сақтандыру туралы өтініш негізінде айқындалады және сақтандыру полисінде көрсетіледі.

29. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасы шегінде Сақтандырылушының (қарыз алушының) қарызды пайдаланғаны үшін пайыздарды ескере отырып, сақтандыру жағдайы басталған кездегі Пайда алушы алдындағы нақты берешегінің мөлшеріне тең. Қарыз шарты бойынша Сақтандырылушының төлемдерді төлемегені немесе уақтылы төлемегені үшін өсімпұл, тұрақсыздық айыбы, айыппұл сомалары сақтандыру төлемінің мөлшеріне енгізілмейді.

30. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде орын алса, сақтандыру шартында көзделген сақтандыру төлемі жүргізіледі.

31. Сақтандыру төлемін Сақтанушы Пайда алушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандырушыға осы Қағидалардың 34, 35-тармақтарында көзделген құжаттарды ұсынғаннан кейін бір рет жүзеге асырады.

32. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру не жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім сақтандыру жағдайы басталған кезде барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 25 (жиырма бес) банктік күннен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Сақтандыру төлемі оң шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде Пайда алушының банктік шотына немесе Сақтандырушының орналасқан жері бойынша қолма-қол ақша аудару жолымен жүргізіледі.

33. Бас тарту туралы шешім осы Қағидалардың 32-тармағында көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, Сақтанушыға және Пайда алушыға жазбаша нысанда хабарланады.

8-тарау. Сақтанушының (пайда алушының) сақтандыру жағдайы басталған кездегі әрекеттері

34. Сақтандыру жағдайы басталған кезде – Сақтандырылушының қайтыс болуы, сақтандыру мерзімі кезеңінде Сақтанушы (пайда алушы) күнтізбелік 30 күн ішінде Сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға тиіс:

- сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтініш;
- сақтандыру полисі;
- қарыз шартының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- негізгі борыш сомасын, Сақтандырылушының жүргізген төлемдердің мерзімдері мен мөлшерін көрсете отырып, сақтандыру жағдайы басталған кездегі қарыз шарты бойынша сақтандырылған адамның нақты берешегін айқындайтын құжат (анықтама немесе кредиттік ұйымның хаты);
- АХАЖ органдары берген Сақтандырылушының қайтыс болуы туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы дәрігерлік куәліктің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- қайтыс болу себептері туралы патологиялық-анатомиялық (сот-медициналық) сараптама қорытындысының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі (сақтандырушының талабы бойынша).

35. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушының жазатайым оқиға фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (пайда алушыдан) қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының не құқық қорғау органдарының қылмыстық іс қозғау туралы қаулының немесе аталған органдардың немесе соттың қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысының не сот үкімінің көшірмелерін жазбаша нысанда талап етуге құқылы. Егер сақтандыру жағдайы фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған болса, онда Сақтандырушының уәкілетті орган шешім қабылдағанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асыруды кейінге қалдыруға құқығы бар, ол туралы Сақтанушы мен пайда алушыны жазбаша нысанда хабардар етеді.

36. Сақтанушы, пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының мән-жайларын тергеп-тексеруге жәрдемдесуге, сондай-ақ Сақтандырушыға сақтандыру тәуекеліне, сақтандыру жағдайына және оның салдарына қатысты шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде дұрыс ақпарат пен қажетті құжаттарды беруге міндетті.

9-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

37. Сақтандырушының:

- сақтандыру жағдайының басталуын құжаттамалық растауға;
- сақтандыру жарналарын кешіктіріп төлегені үшін өсімпұл алуға (өсімпұл төленген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл есептеледі);

- Сақтанушы өз міндеттерін орындамаған жағдайда, осы Қағидаларда көзделген жағдайларда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

- сақтандыру тәуекелі дәрежесінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабарланған сәттен бастап сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде шарт талаптарын өзгертуді немесе тәуекел дәрежесінің ұлғаюына пропорционалды түрде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқығы бар. Егер сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте сақтандыру шарты хабарлама жіберілген сәттен бастап хабарламаның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен бұзылған болып есептеледі.

38. Сақтанушының:

- сақтандыру сомасының мөлшерін өзгертуге;
- сақтандыру шартын уақтылы алуға;
- сақтандыру құпиясына;
- пайда алушыға сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асыруға;
- сақтандыру төлемін кешіктіріп төлегені үшін өсімпұл алуға (өсімпұл төленген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл есептеледі);

- осы Қағидалармен танысуға құқығы бар.

39. Сақтандырушы:

- Сақтанушыны осы Қағидалармен таныстыру;
- осы Қағидалардың 34,35-тармағында көзделген құжаттарды алған күні өтініш берушіге қабылданған құжаттардың атаулары мен күндерін көрсете отырып, анықтама беруге;

- сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Қағидаларда және сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;

- сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтанушы және оның мүліктік жағдайы туралы мәліметтерді жария етпеуге;

- сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламаларды, өтініштерді, талаптарды, хабарларды, түсініктемелерді жазбаша нысанда орындауға және басқа тарапқа тікелей беруге немесе оның жөнелтілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберуге міндетті.

40. Сақтанушы (Сақтандырылушы):

- сақтандыру сыйлықақыларын осы Қағидаларда және сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;

- сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын бағалау үшін маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы осы Қағидаларда көзделген сақтандыруға өтініш пен сұрақнамаға сәйкес хабарлауға, сондай-ақ сақтандыру шартын

жасасқаннан кейін сақтандыру тәуекелін ұлғайтуға қабілетті барлық фактілер туралы хабарлауға;

- Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде оның басталғаны туралы жазбаша хабарлауға;

- орналасқан жері немесе тұрғылықты жері он күн мерзімде өзгерген кезде олардың адресін Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда Сақтандырушының бұрынғы орналасқан жеріне немесе тұрғылықты жеріне жіберілген кез келген хабарламасы Тараптар орындаған (жарамды) болып саналады;

- егер Сақтанушының немесе Сақтандырылушының орналасқан жері немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, Сақтандырушыға Сақтанушыға немесе Сақтандырылушыға хат-хабарларды жеткізуге жауапты Қазақстан Республикасында сенім білдірілген адамды көрсетуге;

- сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламаларды, өтініштерді, талаптарды, хабарларды, түсініктемелерді жазбаша нысанда орындауға және басқа тарапқа тікелей беруге немесе оның жөнелтілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберуге міндетті.

10-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

41. Егер жазатайым оқиға мыналардың:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;

- 2) әскери іс-қимылдар;

- 3) азаматтық соғыс, кез келген түрдегі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;

- 4) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін деп танылған Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) пайда алушының қасақана іс-әрекеттері;

- 5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері;

- 6) медициналық мекеменің білікті дәрігері ұйғарған дәрі-дәрмектерді пайдалануды қоспағанда, Сақтандырылушының алкогольдік ішімдіктерді теріс пайдалануы, сақтандырылған адамның есірткі немесе психотроптық заттарды пайдалануы (тиісті органдардың қорытындысы болған кезде);

- 7) Сақтандырылушының кәсіптік спортпен немесе қауіпті спорт түрлерімен (қысқы, су асты, ат спорты, авиациялық, күштік спорт түрлері, альпинизм, альпинизм, дельтапланеризм, парашюттік спорт, шығыс жекпе-жегі) айналысуы, сондай-ақ әртүрлі іс-шараларға (жарыстарға, шоу-

бағдарламаларға) қатысуға, өмірге қауіп төндіретін трюктарды немесе жаттығуларды орындауы;

8) лицензияланатын авиакомпанияның жолаушылар әуе кемелерінде жолаушы ретінде ұшуды қоспағанда, ұшу аппараттарында (оның ішінде дельтапландарда, парашюттерде) ұшу;

9) Сақтандырылушының өзіне қасақана дене жарақатын келтіруі (растайтын құжаттар болған кезде) салдарынан болған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

42. Сақтандырушы (растайтын құжаттар болған жағдайда) сондай-ақ сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан мынадай жағдайларда босатылады:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандырылушы, оның денсаулық жағдайы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер беруі;

2) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге кедергі жасауы;

3) Сақтанушының (Сақтандырылушының) дәлелді себеппен осы тармақшада көрсетілген әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаса және оны құжатпен растаған болса, Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы ол басталған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде хабардар етпеуі;

4) қарыз шарты бойынша Сақтандырылушының міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің өзге де тәсілдерінен берешегін өтеу.

43. Егер сақтандыру шартының үздіксіз қолданылуының алғашқы екі жылы ішінде сақтандыру жағдайы келесі оқиғалардың нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық бас тартуға құқылы:

1) өз-өзіне қол жұмсау немесе сақтанушының өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері;

2) ЖИТС-пен сырқаттану, АИТВ-инфекциясы;

3) қатерлі ісіктің пайда болуымен байланысты аурулар.

11-тарау. Қосымша өтемі бар сақтандыру шартын жасасу ерекшеліктері

44. Сақтандыру шартын жасасу кезінде қарыз алушыны осы Қағидаларда көзделген жазатайым оқиғалардан мерзімді сақтандырудың негізгі шарттарынан басқа, тараптар осы тараудың ережелеріне сәйкес қосымша сақтандыру өтемінің шарттарын көздеуі мүмкін.

45. Осы Қағидалардың 4-тарауында көрсетілгендерден басқа, қосымша сақтандыру өтемі кезіндегі сақтандыру жағдайы Сақтандырылушының тікелей жазатайым оқиға нәтижесінде туындаған бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі болып табылады.

Жазатайым оқиға сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде болған және сақтандырылушының мүгедектігін белгілеуге тікелей әкеп соққан жағдайда ғана Сақтандырылушыға жазатайым оқиға салдарынан мүгедектік белгілеу сақтандыру жағдайы деп танылады.

46. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы сұратылған қосымша сақтандыру өтемі туралы сақтандыру өтінімінде белгі қояды, ал Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыға берілетін сақтандыру полисінде белгі қояды.

47. Сақтандыру жағдайы – Сақтандырылушының жазатайым оқиға салдарынан бірінші немесе екінші тобының мүгедектігі басталған кезде, сақтандыру шартында тиісті қосымша сақтандыру өтемінің талаптары болған кезде сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішпен бір мезгілде сақтандырушыға мыналар ұсынылады:

- сақтандыру полисі;
- қарыз шартының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- негізгі борыш сомасын, Сақтандырылушы жүргізген төлемдердің мерзімдері мен мөлшерін көрсете отырып, сақтандыру жағдайы басталған кездегі қарыз шарты бойынша Сақтандырылушының нақты берешегін айқындайтын құжат (анықтама немесе кредиттік ұйымның хаты);
- Сақтандырылушының мүгедектік дәрежесін белгілеу туралы уәкілетті органның қорытындысы (медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы);
- уәкілетті органның жазатайым оқиғаның басталу фактісін, туындаған салдарларды нақтылауды, сондай-ақ олардың арасындағы себептік байланысты растайтын құжаты.

48. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушының жазатайым оқиға фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (пайда алушыдан) қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының не құқық қорғау органдарының қылмыстық іс қозғау туралы қаулының немесе аталған органдардың немесе соттың қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысының не сот үкімінің көшірмелерін жазбаша нысанда талап етуге құқылы. Егер сақтандыру жағдайы фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған болса, онда Сақтандырушының уәкілетті орган шешім қабылдағанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асыруды кейінге қалдыруға құқығы бар, ол туралы Сақтанушы мен пайда алушыны жазбаша нысанда хабардар етеді.

49. Шартта сақтандыру жағдайы басталған кезде қосымша сақтандыру өтемінің талаптары – жазатайым оқиға салдарынан бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік болған кезде Сақтандырушы мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүргізеді, оларды төлеу тәртібі Сақтандырылушы мен пайда алушы арасындағы Қарыз шартының талаптарына сәйкес төлемдерді төлеу тәртібіне сәйкес келеді.

50. Сақтандыру жағдайы – жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушының бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі басталғаннан кейін Сақтанушы шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде қайта куәландырудан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Сақтандырушыға Сақтандырылушының мүгедектігі (мүгедектігін қайта куәландыру) туралы анықтама беруге міндетті.

Сақтандырушы кез келген уақытта мерзімді төлемдер түріндегі сақтандыру төлемін жүзеге асыруды мөлшері осы Қағидалардың 30-тармағының ережелеріне сәйкес айқындалатын біржолғы сақтандыру төлеміне ауыстыруға құқылы.

51. Осы Қағидалардың 10-тарауында санамаланған негіздерден басқа, Сақтанушы жазатайым оқиға салдарынан мүгедек болған жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер:

мақсаты ең жоғары жылдамдыққа қол жеткізу, ұшу аппараттарында ұшу (лицензияланатын авиакомпанияның жолаушылар әуе кемелерінде жолаушы ретінде ұшуды қоспағанда), қауіпті спорт түрлерімен шұғылдану (аң аулау, ат жарысы, альпинизм) болып табылатын моторлы көлік құралының жүргізушісі, екінші жүргізушісі немесе жолаушысы ретінде жаттығу сапарларын қоса алғанда, жарысқа байланысты іс-шараларға қатысу немесе қайық жарысы, шаңғы спорты) салдарынан жазатайым оқиғаның басталуы болып табылады.

52. Сақтандырылушының бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігін белгілеуге әкеп соққан жазатайым оқиға басталғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдағанға дейін сақтандыру шарты бойынша тиесілі сақтандыру жарналарын төлеуді жалғастыруға міндетті. Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданғаннан кейін Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру жағдайы басталғаннан кейінгі кезең үшін төленген сақтандыру сыйлықақыларын қайтаруға міндетті.

53. Сақтандырылушының мүгедектігін қайта куәландырған жағдайда Сақтандырушы қайта куәландыру туралы құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды жалғастыру немесе жалғастырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

54. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруды мынадай:

- 1) Сақтанушының қарыз шарты бойынша берешегін өтеу;
- 2) Сақтандырылушыны оңалту және оның мүгедектігін тоқтату;
- 3) Сақтандырылушының жалдау бойынша немесе дара кәсіпкер ретінде қызметті жүзеге асыруы;

- 4) Сақтандырылушының 65 жасқа толуы жағдайларында тоқтатуға құқылы, бұл туралы Сақтандырылушы мен Пайда алушыны хабардар етеді.

55. Сақтандыру шартында қосымша сақтандыру өтемінің талаптары болған кезде және сақтандыру жағдайы – Сақтандырылушының жазатайым оқиға салдарынан бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі басталған кезде Сақтандырушы:

- кез келген уақытта Сақтанушының денсаулық жағдайы туралы анықтаманы және қайта куәландыру нәтижелерін талап етуге;

- жылына бір реттен жиі болмайтын мерзімділікпен Сақтандырушының есебінен (егер Сақтандырылушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, көлік шығыстарын қоспағанда) Сақтандырушы белгілеген дәрігерлердің, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген мүгедектік тобын тексеру және оның еңбекке жарамсыздығын және кредиттік ұйым алдындағы міндеттемелерді өз бетінше орындау мүмкіндігінің жоқтығын

растау үшін Сақтандырушыны қосымша медициналық тексеруден өткізуге құқылы.

56. Өзіне қатысты мүгедектік белгіленген Сақтанушы:

1) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының мән-жайларын тергеп-тексеруге жәрдемдесуге, сондай-ақ шарттың бүкіл қолданыс мерзімі ішінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекеліне, сақтандыру жағдайына және оның салдарына қатысты дәйекті ақпарат пен қажетті құжаттарды беруге;

2) дәрігерлерге, медициналық мекемелерге және өзге де адамдарға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеру үшін қажетті құжаттарды оның сұрау салуы бойынша Сақтандырушыға беруге өкілеттік беруге;

3) тексеруші және емдеуші дәрігерлердің нұсқауларын орындауға міндетті.

12-тарау. Шартты тоқтату және бұзу

57. Сақтандыру шарты:

- сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін;
- Сақтандырылушының қарыз шарты бойынша пайда алушы алдындағы өз міндеттемелерін орындауы;

- пайда болған сақтандыру жағдайы бойынша пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша Сақтандырушының міндеттемелерін толық көлемде орындау;

- Сақтандырылушының еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіру (мүгедектікті оңалту);

- Сақтанушының 65 жасқа толуы кезінде тоқтатылады.

58. Сақтандыру шарты төленген сақтандыру сыйлықақысын қайтармай оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін:

- Сақтанушының өтініші бойынша;

- Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша өз міндеттерін орындамауына байланысты Сақтандырушының талабымен;

- сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқан кезде;

- сақтандыру жағдайының туындау мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзгеше мән-жайлар бойынша тоқтаған кезде бұзылуы мүмкін.

Көрсетілген жағдайларда шарт шартты тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап екінші тарапты дереу хабардар етуге тиіс.

59. Сақтандыру шартын бұзу ниеті туралы Сақтанушы мен Сақтандырушы бір-бірін, сондай-ақ пайда алушыны жазбаша түрде, болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын хабардар етуге міндетті.

60. Сақтанушы шарттан бас тартқан кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылмайды.

61. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарының орындалмауынан

туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толығымен қайтаруға міндетті.

13-тарау. Форс-мажор

62. Тараптар өрт, дүлей зілзалалар, соғыс, кез келген сипаттағы әскери операциялар, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, блокада, экспортқа немесе импортқа тыйым салу, мемлекеттік органның нормативтік актіні немесе тараптарға тәуелді емес басқа да мән-жайларды қабылдауы салдарынан сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапты болмайды. Міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар қолданылатын уақытқа сәйкес кейінге қалдырылады.

14-тарау. Қосымша ережелер

63. Сақтандыру шартына барлық өзгерістер мен толықтырулар жаңа сақтандыру полисін беру арқылы енгізіледі.

64. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде туындайтын барлық даулар келіссөздер жолымен шешіледі.

65. Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

66. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, талаптар, хабарлар, түсініктемелер жазбаша нысанда орындалуға және басқа тарапқа тікелей берілуге немесе оның жөнелтілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберілуге тиіс.

67. Полис жоғалған кезде Сақтанушы Сақтандырушыны хабардар етуге және телнұсқа алуға өтініш жазуға міндетті. Сақтандырушы тиісті телнұсқаны бергеннен кейін жоғалған полис жарамсыз болады.
